

Айюб пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасы

قصة نبي الله أيوب عليه السلام

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى >



Islamhouse.com



Аса Мейірімді Рахымды Аллаһтың атымен

Айюб

(оған Аллаһтың сәлемі болсын)

Төзімділік пен сабырлықта адамдарға ғибрат, өнеге етіп Аллаһ Тағала Құранда қиссасын баяндаған пайғамбарлардың бірі, Аллаһтың Елшісі – Айюб ибн Мус ибн Разах ибн әл-Ғис ибн Исхақ ибн Ибраһим. Аллаһ Тағала:

«Оның (Ибраһимнің) ұрпақтарынан Дуәйт, Сүлеймен, Айюб, Юсуф, Мұса және Һарунға (тура жол көрсеттік)», - деп айтқан (Анғам сүресі, 84 аят).

Уахи Иесі: **«Сондай-ақ Ибраһим, Исмағил, Исхақ, Яькуб пен ұрпақтарына және Иса, Айюб, Юнус, Һарун және Сүлейменге уахи еттік»,** - деген (Ниса сүресі, 163 аят).

Аллаһ Тағала оны елші етіп таңдап, Шам аймағындағы Хуран деген елге жіберді. Тәпсір және тарих ғұламаларының айтуынша, Аллаһ Тағала оған көптеген нығметтер тарту еткен. Оның аумақты жерлері, үйір-үйір малдары және қызметкерлері, ірі-ірі сауда көздері болған. Жеті ұл, жеті қыз перзент сүйген дені сау, бақуат кісі еді. Шын мәнінде де Аллаһ оған деген нығметтерін аямаған-ды. Сосын Аллаһ Тағала оны төзімділікте өзінен кейінгілерге үлгі-өнеге болуы үшін сынауды қалады. Өйткені, ең көп сынаққа алынатын пайғамбарлар. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Ең ауыр сынаққа түсуші – пайғамбарлар, сосын ізгілер, сосын сол секілділер және сол сияқты»,** - деген (әл-Бұхари, Муслим). Айюб сындарлы кезеңнен өткен.

Айюбтің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сынаққа алынуы

Оның бар мал-дүниесі таусылып, кембағалға айналды, бір-бірінің артын алып ұлдары мен қыздары өлім құшты. Сосын Аллаһ оны ауыр бір дерт арқылы сынаққа алды. Науқасы мендеп жүре алмай қалды. Денесі шіріп, еті жидіп түсе бастады. Ауруының жұғуынан қорыққан

достарының барлығы одан теріс айналды, екі жолдасы ғана алыстан сөйлесетін. Тек адал жары оны тастамай күтіп-бағып тамақтандыратын, жуындыратын. Бір күндері олардың ішім-жемдік қаражаттары да қалмады. Сонда ол күйеуін бағу үшін адамдардың есігінде қызмет істеді. Айюбтың сырқаты он сегіз жылға созылды деген дерек бар. Ол өз ауруынан ешкімге, тіпті әйеліне де шағымданбайтын. Бір күні әйелі оған: «Егер Раббыңа дұға қылсаң, сені бұдан құтқарар еді», - дейді. Айюб Аллаһқа шипа тілеп дұға қылмайтын, Оның тағдырына разы еді. Сонда ол: «Біз қанша жыл молшылықта өмір сүрдік?» - деп сұрады. Әйелі: «Жетпіс жыл», - деп жауап берді. Сонда ол: «Мен молшылықта өмір сүргенімдей сынақ мерзімі өтпейінше Аллаһқа шипа сұрап дұға қылуға ұяламын», - деді. Сонда әйелі үмітсіздікке салынып: «Бұл сынақ қашанға дейін созылады?» - деп қалады. Айюб ашуланып, осыдан жазылса оған жүз дүре соғуға Аллаһпен ант ішеді.

Олардың халі нашарлай түсті. Адамдар Айюбті жұқпалы ауру деп оның әйелін қызметшілікке алмай қойды. Екеуі аштықта күн кешетін. Бір күні әйелі оған тағам алып келді. Әйелі оған айтпай бір бұрымын сатқан болатын. Біраз күннен соң тағы да тамақтары таусылады. Әйелі екінші бұрымын сатып, ішім-жемге азық әкеледі. Сол кезде Айюб таңданып: «Мұны қайдан алдың? Біреудің үйінде қызмет еттің бе?» - деп сұрады. Ол: «Жоқ», - деп жауап берді. Айюб қайдан алғанын айтпаса, тамақтан жемеуге ант ішіп тұрып алады. Сонда әйелі басын ашты. Қараса шашы қырқылған екен. Сонда барып **«Айюб Раббысына: «Маған бір пәле келді. Сен рақым қылушылардың ең Рақымшылысың!» - деп үн қатты»** (Әнбия сүресі, 83 аят).

Бұл да болса ашық дұға емес еді, бар болғаны тек өзінің жағдайын жеткізді. Аллаһ Тағала басқа бір аятта:

«(Мұхаммад) құлымыз Айюбты есіңе ал. Сол уақытта ол Раббысына: «Міне шайтан бейнет және азапқа ұшыратты», - деп үн қатты», - деген (Сад сүресі, 41 аят).

Яғни ол бейнет пен азапты шайтанға тиістіріп, Аллаһты бұдан пәк көрсетті. Сондықтан дұға еткенде: «Жамандық саған тиісті емес», - деп айтылады.

Айюбтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сауығуы

Аллаһ Тағала оның үндеуіне жауап қатып, оны бәледен арылтты. Құдірет Иесі: **«Оған: «Аяғыңмен жерді теп. Міне саған шомылатын әрі ішетін салқын су», - (дедік)», - деген (Сад сүресі, 42 аят).**

Ғұламалар: «Айюб суға шомылған уақытта оның сыртқы науқасы, ал ішкенде ішкі науқасы жазылды», - дейді.

Бұл Аллаһ Тағаланың берген нығметі еді. Оның денсаулығы қалпына келіп, алдыңғыдай сап-сау күйге енді. Әйелі келгенде оны танымай: «Сен бір сырқат Аллаһтың пайғамбарын көрмедің бе? Уаллаһи, сен оның сау кезіндегіге қатты ұқсайды екенсің», - деп сұрады. Айюб: «Мені танымадың ба?» - деді. «Сен кімсің?» - деді әйелі. «Мен Айюбпын», - деді пайғамбар.

Аллаһ Тағала оған отбасылық игілігін де қайтарды. Ибн Аббас (екеуіне Аллаһ разы болсын): «Аллаһ Тағала онымен қоса әйелін де осындай үлкен сынақтағы зор шыдамдылығы үшін құрметтеп, оған жастығын қайтарды. Ол Айюбке жиырма алты ұл-қыз туып берді», - деген.

«Бізден бір рақымшылық, сондай-ақ ақыл иелеріне үгіт ретінде оған отбасын және олармен бірге тағы сондай (еселеп) бердік» (Сад сүресі, 43 аят).

Аллаһ Тағала оған қайтадан дәулет берді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан: **«(Бір күні) Айюб (пайғамбар) жалаңаш шомылып жатқанда (көктен) оның үстіне алтын шегірткелер төгілді. Айюб оларды киіміне жинап ала бастады. Сонда Раббысы оған: «Әй, Айюб! Сені көріп тұрғаныңа мұқтажсыз қылмап па едім?» - деп үн қатады. (Айюб): «Әрине, құдіретіңе қасам! Бірақ мен Өзіңнің берекетіңе мұқтажсыз емеспін», - дейді (әл-Бұхари, Ахмад және басқалар).**

Яғни ол шегірткелерді Аллаһтың берекеті деп жинаған еді.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала оның әйеліне де жеңілдік беріп:

«Қолыңа бір топ ши алып, сонымен бір ұр. (Антыңнан) қайтпа!», - деді (Сад, 44 аят).

Яғни Айюб жазылсам әйеліме жүз дүре соғамын деп ант еткен-ді. Сондықтан Аллаһ Тағала оған жүз талшықтан тұратын бір топ шиді алып, онымен әйелін бір рет қана ұруды әмір етті. Сонда ол Аллаһтың алдындағы антын орындаған-ды.

Аллаһ Тағала:

«Айюб Раббысына: «Маған бір бәле келді. Сен рақым қылушылардың ең Рақымшылысың», - деп үн қатты. Сонда тілегін қабыл алып, ондағы науқасты айықтырып, сондай-ақ оған құлшылық қылушылар үшін ғибрат етіп әрі Өз алдымыздан рақмет ретінде отбасын және олармен бірге тағы сондай (еселеп) бердік» (Әнбия сүресі, 83-84 аяттар).

«(Мұхаммед) құлымыз Айюбты есіңе ал. Сол уақытта Раббысына: «Мені шайтан бейнет және азапқа ұшыратты», - деп үн қатты. Оған: «Аяғыңмен жерді теп. Міне саған шомылатын әрі ішетін салқын су», - (дедік). Бізден бір рақымшылық, сондай-ақ ақыл иелеріне үгіт ретінде оған отбасын және олармен бірге тағы сондай (еселеп) бердік. «Қолыңа бір топ ши алып, сонымен бір ұр. (Антыңнан) қайтпа!» Шынында оны сабырлы көрдік. Ол не деген жақсы құл еді! Ол өте бойсұнғыш», - деген (Сад сүресі, 41-44 аяттар).

Айюбтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасынан алынар өнеге

Аллаһ Тағала сынақтың ең үлкенін Өзінің ең сүйікті құлдарының біріне беріп, одан кейінгілер үшін ғибрат қалдырды.

Қолданылған әдебиеттер: Ибн Касирдің «Қисасуль-Әнбия», «Әл-бидәя уа ән-ниһая».